Таңертенгі жаттығу	**Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №5 (физикалық қасиеттерді дамыту).** 1. Шағын топ болып, бірінің артынан бірі жүру. 2. «Құстар» деген белгі берілген кезде жеңіл – желпі бытырай жүгіру. 3. Тәрбиешінің көмегімен шеңберге тұру. 4. Б. қ. қолды дене бойымен жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру. Қолдарын жоғары көтеріп, бұлғап, «Ұшып кетті» - деп б қ келу. 5 - 6 рет қайталау.				

	5. Б. қ. жоғарыдағыдай. тізені бұгіп алға еңкейіп: «Клю – клю»- деп б.қ келу. 4 - 6 рет қайталау. 6. Б. қ. қолды жіберіп, аяқты созып, шалқадан жату. «Құстар жуынады» - бүгілген қол мен аяқты еркін қимылдатып б қ келу. 7. Б. Қ. қолды жіберіп, аяқты қосып, тіке түру. «Торғайлар секіреді, ұшады» - бір орында тұрып секіру, жеңіл – желпі жүгіру. 8. Шағын топ болып тәрбиешінің артынан жүру.				
Таңғы ас	**Тамақтану** Мәдени – гигиеналық дағдыларды жетілдіру,тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру.(**мәдени – гигиеналық дағдыларын, өзіне – өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту).**				
Ұйымдастыры лғаніс-әрекетке дайындық	**Сөздік ойын: «Бес бармақ»** **Мақсаты:** Әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. **Шарты:** Туыстық қатынасты білдіретін сөздерді және атайды;сөз тіркестерінің мәнін түсінеді, оларды өз бетінше құрайды. Бас бармағым-атам, үйдің данасы. Ортаң терек–әжем, әкем, отау панасы, Шылдыр шүмек-шешем шаңырақ ажары. Титтей бөбек –мен бәрінің базары. **(көркем әдебиет-коммуникативтік**	**Әңгіме оқу «Кім ақылды?»** **Мақсаты:**Оқылған шығармалардан ең қызықты , мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. **(көркем әдебиет , қоршаған ортамен таныстыру ,коммуникативтік дағдыларын дамыту, әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру)**	**Дидактикалық ойын: «Бұл қандай пішін?»** **Мақсаты:** Дөңгелекпен таныстыру, көру тәсілдерімен аталған фигураны зерттеу. **Шарты:**Балалар тәрбиеші таратып берген пішіндердің түстерін атап , пішінін ажыратулары керек. **(математика негіздері –танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)**	**Саусақ жаттығуы «Кірпі»** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы дамыту. **Ойын шарты:** Момақаным алайда(үш саусақтарын түйістіріп,кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла,(екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды) Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! **(көркем әдебиет-коммуникативтік дағдыларын дамыту)**	**Қимылды – ырғақты ойын: «Топ-топ балақай»** Мақсаты: балалардың музыканың әр түрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, сабырлы, мұнды,); шығармалардың көңіл күйін сезіне білуге үйрету. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға үйрету. **Ойын шарты:** Музыка ырғағымен аяқ қолдарын қимылдатып қимыл қозғалыстар жасау. **(музыка**** ,дене шынықтыру**–шығармашылық дағдыларын дамыту,физикалық**

	дағдыларды дамыту				**қасиеттерін дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Домалату, лақтыру.** **Мақсаты:** Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылын үйлестіре, серпіле екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1)Еденге тура салынған жіппен жүру; 2)Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру **Ойын:** «Шеңбердегі доп» ойынын ойнау. **Музыка** **Тақырыбы:**	**Қазақ тілі** **Дидактикалық ойын** «Көкөністер жинайық» **Мақсаты: .** Қазақ тіліне тән дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **(қазақ тілі-коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Ойынның барысы:** Үстел үстінде көкөністердің суреттері шашылып жатады. Балалар сары шелекке сәбізді, жасыл шелекке қиярды, ал қызыл шелекке қызанақтарды топтастырып жинайды және түстерін айтып береді. **(қазақ тілі-коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Музыка** **Тақырыбы: «Аспаптың даусын ажырат» ойыны** **Мақсаты:** Балаларды музыкалық аспаптардың тембрын ажыратуға баулу, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру. **1. Балаларды**	**Дене шынықтыру** **Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** **Мақсаты:** Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.Еденге қойылған тақтаймен төрттағандап алақан мен тізеге сүйеніп, еңбектеуге үйрету. Орында тұрып жеңіл секіру және еденге жұмсақ қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**	**Дене шынықтыру** **Домалату, лақтыру.** **Мақсаты:** Допты екі қолмен желке тұсынан лақтыруға үйрету;доптың ұшуына дұрыс траектория беру, қолдарын екпінді қимылмен жаза білуді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таянышстан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1)Еденге тура салынған жіппен жүру. 2)Бұлшықеттер мен	

	«Аспаптың даусын ажырат» ойыны **Мақсаты:** Балаларды музыкалық аспаптардың тембрын ажыратуға баулу, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру. **1. Балаларды музыкамен қарсы алу.** **Ойын:** карточкада пианино, скрипка, гитара, сырнай, домбыра, жетіген, қобыз, шертер аспаптарының суреттері бейнеленген. Үнтаспада аспаптардың орындауында пьесадан үзінді орындалып, балалар аспаптың үніне сәйкес суретін көрсетеді. **2. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. **«Шөжелер»** биін таныс би қимылдарымен билету	**музыкамен қарсы алу.** **Ойын:** карточкада пианино, скрипка, гитара, сырнай, домбыра, жетіген, қобыз, шертер аспаптарының суреттері бейнеленген. Үнтаспада аспаптардың орындауында пьесадан үзінді орындалып, балалар аспаптың үніне сәйкес суретін көрсетеді. **2. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. **«Шөжелер»** биін таныс би қимылдарымен билету	1. Бірқалыпты жүгіру,берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшыменжүгіру. 1)Еденде созылып жатқан жіп үсімен жүру; 2) Еденде салынған резеңке кілемше үстімен еңбектеп жүру. **Ойын:** «Орамал» ойынын ойнау.	қол аяқтын үйлесімді қимылын дамыту. **Ойын:** «Шаңырақ» ойынын ойнау.	
2- таңғы ас	**Тамақтану** **Мақсаты:** Тамақтану этикасын сақтау: ас құралдарын, майлықтарды қолдану, тамақ ішкеннен кейін ауызды шаю. .**(мәдени – гигиеналық дағдыларын, өзіне – өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту).**				
Серуенге дайындық	**Мақсаты:** Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне үйрету. Өз шкафтарынан киімдерін алып, киіну реттігімен дұрыс киінуін қадағалау. Достарына көмектесуге үйрету **(өзіне - өзі қызмет ету дағдыларын дамыту, жалпы және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	Серуен картотекасы №29	Серуен картотекасы №30	Серуен картотекасы №31	Серуен картотекасы	Серуен картотекасы

	Бақылау: **1.Желді бақылау.** **Мақсаты:** Желдің күшін анықтай білу, өлі табиғат туралы білімдерін тереңдету. **(қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік –эмоционолды дағдыларды қалыптастыру)** 2. **Қимылды ойындар:**«Жұбыңды қуып жет» **Мақсаты:** кедергілерден өтіп, жүгіруге жаттықтыру қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерту. **(Дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **(ойын, қозғалыс әрекеті).** **3. Еңбек:**ойын алаңын тазалау**(еңбек қызметі).** **4. Жеке жұмыс:** Ихсанға түстерді үйрету	**Бақылау:** **1.Гүлзарды бақылау.** **Мақсаты:** Табиғаттың жыл мезгіліне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтауға төсілдіру. **(** **2. Қимылды ойындар:** "Аттамақ" Мақсаты: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүгіруге жаттықтыру. **(Дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **(ойын, қозғалыс әрекеті).** **3.Еңбек:** Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау. **(еңбек қызметі).** **Мақсаты:** Үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу. **4. Жеке жұмыс:** Несібеліге күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айтуға үйрету	**Бақылау:** **1.Көгершінді бақылау (Кептер)** **Мақсаты:** Құстар туралы білімдерін арттыру. **(қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру, сөйлеуді дамыту)** **2.Қимылды ойын:** "Тоқта-жүгір" **Мақсаты:** Белгі бойынша әрекет ете білуге баулу. **(Дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **(ойын, қозғалыс әрекеті).** **3.Еңбек:** Балабақша аумағына жем салғыш ілу, жем салу. **(еңбек қызметі).** **Мақсаты:** Құстарды қамқорлауға тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** Сезімге өзінің достары жайлы әңгімелесу	№32 **Бақылау:** **1. Тастарды бақылау.** **Мақсаты:** Тастардың өлі табиғатқа жататындығы жөнінде түсінік беру. **(қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру)** **2.Қимылды ойын:** "Қарсы доп" **Мақсаты:** Допты белгілі бір арақашықтықтан қағып алуға жаттықтыру. **(Дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **3.Еңбек:** Ауладағы шашылған тастарды жинау, олардан композиция құру. **(еңбек қызметі).** **Мақсаты:** Балаларды шығармашылық қиялын дамыту. **4. Жеке жұмыс:** Айлинге қимылдық ойындарға белсене араласуға	№33 **Бақылау:1 Киімді бақылау.** **Мақсаты:** Күз мезгіліндегі киімдердің өзгерістерін айту. Киім түрлерін айырып, аттарын ажыратып айтуға үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру)** **2. Қимылды ойын:** "Жапалақ" **Мақсаты:** Белгі бойынша әрекет ете білуге баулу. **(Дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **3.Еңбек:** Ауладағы шашылған ұсақ тастармен ағаштардың айналасын әдемілеп қоршату. **(еңбек қызметі).** **Мақсаты:** Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін туғызу. **4. Жеке жұмыс:** Агниядан қазақ тіліндегі дауысты,дауыссыз

				машықтандыру.	дыбыстарды анық айтуға үйрету
	5.Еркін ойындар: Дене шынықтыру құрал-жабдықтарын, атрибуттарды спорттық және қимылдық ойындарға пайдалануға жаттықтыру.				
Серуеннен оралу	**Мақсаты:** Қатармен жүріп әндетіп серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын жинау. Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру. **(өзіне – өзі қызмет ету, мәдени – гигиеналық дағдылар дағдыларын дамыту).**				
Түскі ас	**Мақсаты:**Мәдени– гигиеналық дағдыларды жетілдіру,тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру. Тамақтанар алдында қолды жууға.Үстел басында ас қасық пен шәй қасықты,майлықты дұрыс қолдануға дағдыларын қалыптастыру.**(мәдени – гигиеналық дағдыларын, өзіне – өзі қызмет көрсету,коммуникативтік дағдыларын дамыту).**				
	1Нан бар жерде ән бар 2Жоқты бар десең құт болар Барды жоқ десең жұт болар 3..Дәнді шашпа,нанды баспа	Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар	Жасамас үшін ағаттық Тында ақылды,қабылдап . Адында ішер тамақтың, Қолынды жу сабындап	Нанды төңкеріп қоюға болмайды.	Нан тамақтың атасы Ынтымақ көптің батасы Тістеп нанның қадірін Тарыққанда білерсің
Күндізгіұйқы	**Мақсаты:**Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. «Үш торай» ертегісін оқып беру. Музыкалық әуен ырғағымен «әлди-әлди» әнін қосу , **(коммуникативтік дағдыларын дамыту, музыка****)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру емшаралары (дене жаттығулары, сумен шынығу, Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру) (дене белсенділігі) **(дене шынықтыру **-физикалық қасиеттерді дамыту)** **Керуеттегі жаттығулар** Көзімізді ашайық Аунап-қунап алайық. Ұйқымызды ашайық "Самал жел" (ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, бастарын сәл көтеріп, жел соққанын көрсету) "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі". Ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" (тізені құшақтап жату, аяқты құшақтап денемен алдыға және артқа қарай тербелу) **1.Ояну жаттығу.** Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы күн, құлақтарым!(құлақтарын сипау) Қайырлы күн, беттеріміз! (беттерін сипау)				

	Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы күн, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) **2.Саусақ жаттығу.** 1. Бас бармақ, 2.Балан үйрек 3. Ортан терек 4.Шылдыр шүмек 5.Кішкентай бөбек 3.Тыныс алу жаттығу. Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарым Жарылып қалды, пах. Орындыққа отырып, аяқ киімдерімізді шешеміз.				
Бесін ас	**Тамақтану** **Мақсаты:** Бесін ас алдында гигиеналық іс - шараларды орындау. Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң ас қайтарып тұруға дағдыландыру **(мәдени – гигиеналық дағдылар, өзіне – өзі қызмет ету дағдыларын дамыту).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Шығармашылық жұмыс: «Құмыра»** **Мақсаты:** Қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі,ұжымдық жұмыстарды біледі және оларды қызығып жасайды. Қазақ ою-өрнектерін қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяшамен безендіру. Балалардың	**Ертегі оқу: «Тырна мен түлкі»** **Мақсаты:** Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға дағдыландыру.Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып,қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.Балалардың жапсыруға	**Өлең оқу** **«Үй жануарлары»** **Мақсаты:** Әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Қарапайым сюжеттік композиция құрайды . Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды	**Кітап бұрышына саяхат** **Мақсаты:** Кітаптардағы суреттерді өз бетінше ,басқа балалармен бірге қарастыруға,көрген суреттері бойынша өз ойын айтуға баулу. Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызу және өзі құраған құрылысымен ойнауға	**Әңгімелеу** **«Менің ойыншығым»** **Мақсаты:** Әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Қарапайым сюжеттік композиция

	жапсыруға қызығушылығын арттыру. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру **Ойын шарты:**Балаларға берілген құралдармен шығармашылық жұмыстарды топқа бөліп жұмыс жасату.Құмыра әнін тыңдату. **(Көркем әдебиет,Сурет салу,Мүсіндеу, Жапсыру-коммуникативтік,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	қызығушылығын арттыру. Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. **Ойын шарты:**Балаларға ертегі оқып беріп өздерінің есте қалған ең қызықты жерлерін сұрау.Өздерінің ұнаған орындарына отырып шығармашылық жұмыс жасау. **(көркем әдебиет коммуникативтік дағдыларды дамыту, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу-шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс - әрекетін дамыту)**	мүсіндеу, оларды таяшамен безендіру. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. **Ойын шарты:** Тәрбиеші өлең оқып береді,ал бабалар оқылған өлеңде қандай төлдер екенін айтып,қимыл іс – әрекет арқылы көрсетеді. Шөре –шөре лағым Тентек болма шырағым Секеңдемей деміңді ал Сілтеңдеме құлағың- деп нені айтамыз Лақты **(Көркем әдебиет,Сурет салу,Мүсіндеу, Жапсыру-коммуникативтік,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	баулу **(сөйлеуді дамыту ,құрастыру-коммуникативтік ,шығармашылық дағдыларды дамыту)**	құрайды Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру**(көркем әдебиет,сурет салу, мүсіндеу,жапсыру-коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс	**Сезім** көлік құралдарын дұрыс атауға үйрету	**Несібелі** тең және тең емес заттар тобын салыстыруға үйрету	**Ихсан** туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атауға дағдыландыру**.**	**Әмира** жүруде тепе-теңдікті сақтауға үйрету	**Бекжасар** сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын беруге үйрету (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді)
Серуенге дайындық	**Мақсаты:**Топты жинастыру, ойыншықтарды өз орнына қою. Балалар өзбетімен киіну, бас киімдерін киіп, аяқ киімдерінің бауларын байлау кезінде бір-біріне көмектесу. Ұқыпты киінген баланы мадақтау, үлгі ету **(өзіне – өзі қызмет ету дағдыларын дамыту).**				

Серуен	Серуен картотекасы №29 **Бақылау:** **1.Желді бақылау.** **Мақсаты:** Желдің күшін анықтай білу, өлі табиғат туралы білімдерін тереңдету. **(қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру)** 2. **Қимылды ойындар:**«Жұбыңды қуып жет» **Мақсаты:** кедергілерден өтіп, жүгіруге жаттықтыру қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерту. **(Дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **3. Еңбек:**ойын алаңын тазалау**(еңбек қызметі).** **4. Жеке жұмыс:** Ихсанға түстерді үйрету **5. Еркін ойындар**	Серуен картотекасы №30 **Бақылау:** **1.Гүлзарды бақылау.** **Мақсаты:** Табиғаттың жыл мезгіліне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтауға төсілдіру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **2. Қимылды ойындар:** "Аттамақ" **Мақсаты:** Жәй, нық, денені түзу ұстап жүгіруге жаттықтыру. **(Дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **3.Еңбек:** Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау. **(еңбек қызметі).** **Мақсаты:** Үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу. **4. Жеке жұмыс:** Несібеліге күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айтуға үйрету **5. Еркін ойындар**	Серуен картотекасы №31 **Бақылау:** **1.Көгершінді бақылау (Кептер)** **Мақсаты:** Құстар туралы білімдерін арттыру. **(қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру, сөйлеуді дамыту)** **2.Қимылды ойын:** "Тоқта-жүгір" **Мақсаты:** Белгі бойынша әрекет ете білуге баулу. **(Дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **3.Еңбек:** Балабақша аумағына жем салғыш ілу, жем салу. **(еңбек қызметі).** **Мақсаты:** Құстарды қамқорлауға тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** Сезімге өзінің достары жайлы әңгімелесу **5. Еркін ойындар**	Серуен картотекасы №32 **Бақылау:** **1. Тастарды бақылау.** **Мақсаты:** Тастардың өлі табиғатқа жататындығы жөнінде түсінік беру. **(қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру)** **2.Қимылды ойын:** "Қарсы доп" **Мақсаты:** Допты белгілі бір арақашықтықтан қағып алуға жаттықтыру. **(Дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **3.Еңбек:** Ауладағы шашылған тастарды жинау, олардан композиция құру. **(еңбек қызметі).** **Мақсаты:** Балаларды шығармашылық қиялын дамыту. **4. Жеке жұмыс:** Айлинге қимылдық ойындарға белсене араласуға машықтандыру. **5. Еркін ойындар**	Серуен картотекасы №33 **Бақылау:1 Киімді бақылау.** **Мақсаты:** Күз мезгіліндегі киімдердің өзгерістерін айту. Киім түрлерін айырып, аттарын ажыратып айтуға үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру)** **2. Қимылды ойын:** "Жапалақ" **Мақсаты:** Белгі бойынша әрекет ете білуге баулу. **(Дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **3.Еңбек:** Ауладағы шашылған ұсақ тастармен ағаштардың айналасын әдемілеп қоршату. **(еңбек қызметі).** **Мақсаты:** Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін туғызу.

					4. Жеке жұмыс: Агниядан қазақ тіліндегі дауысты,дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету **5. Еркін ойындар**
Серуеннен оралу	**Мақсаты:**Қатармен жүріп әндетіп серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын жинау. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру. **(мәдени – гигиеналық дағдылар, өзіне – өзі қызмет ету дағдыларын дамыту).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті ойыны: «Тыңда және ата» Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Сөздерді байланыстырып үйрету. Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызу жәнеөзі құраған құрылысымен ойнауға баулу. **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі***-Құрастыру, коммуникативтік ,шығармашылық дағдыларды дамыту)**	**Үстел үсті ойыны «Асхана» Мақсаты:** Қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі,ұжымдық жұмыстарды біледі және оларды қызығып жасайды. Музыканың бастауы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау **(Құрастыру музыка****-шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**Дербес ойын мозайка «Қоржын» Мақсаты:** Қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі,ұжымдық жұмыстарды біледі және оларды қызығып жасайды. Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу **(құрастыру,қазақ тілі***-шығармашылық,коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	**Ертегі сомдау: «Тырна мен түлкі» Мақсаты:**. Балаларға кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылауға үйрету. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып,қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру **Ойын шарты:**Балаларды ертегінің кейіпкерлеріне бөлу,шығармашылық жұмыс жасау.	**Дидактикалық ойын: «Түстеріне қарай ажырат» Мақсаты;** Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызу және өзі құраған құрылысымен ойнауға баулу**. Ойын шарты:**Балаларға берілген құрылыс материалдарын пішіндерімен, түстеріне қарай ажыратып әдемі үйлер құрастыру. **(құрастыру – шығармашылық дағдыларды дамыту)**

				(Көркем әдебиет,сурет салу,мүсіндеу,жапсыру-коммуникативтік,шығармашылық дағдыларды дамыту)	
Балалардың үйге қайтуы	**Мақсаты:**Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)**				
	Кеңес: «Балалар ауруының алдын алу»	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме.	Ата-аналарымен жеке сұрақтарына жауаптар беру	Психолог кеңесі. "Баланың тілін қалай дамытамыз?"	Кеңес: «Ауа райына сай киінеміз».

Тәрбиеші: Адилова.А

Тексерілді:
Әдіскер: Нысанбаева С.М

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №10 «Құлыншақ» бөбекжай - бақшасы
Топ: Ортаңғы «Балапан» тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан 1 – апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.12.2023	Сейсенбі 05.12.2023	Сәрсенбі 06.12.2023	Бейсенбі 07.12.2023	Жұма 08.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуын ойнату. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру.				
	Үстел үсті ойыны: «Пішіндер әлемі» **Мақсаты:** Балаларды үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды жалғастыру. Текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажыратып білуге, атауға және қолдануға үйрету. Төсеу, бекіту, қою дағдыларын қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу **(Математика негіздері, құрастыру – танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын дамыту).** **Шарты:** кесінді	**«Кітап бұрышына саяхат».** **Мақсаты:** кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану **(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыны дамыту).**	**Дидактикалық ойын: «Табиғат құбылыстарын ата».** **Мақсаты:** Ауа – райының жағдайын анықтау, қыс мезгілдегі ауа – райының жай – күйін белгілеу. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату **(Қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру – әлеуметтік – эмоционалды**	**Құрылыс ойыны: «Таныс пішіндер доминосы».** **Мақсаты:** Балаларды үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды жалғастыру. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде - астында Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, өз	**Шығармашылық бұрышы: «Сиқырлы қалам».** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды жалғастыру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар). Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйретуді

	бөліктерден пішіндерді дұрыс құрастыру. Пайда болған пішінге қоршаған ортадағы заттарды сәйкестіру.		**дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс - әрекетін дамыту). Шарты:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін атай отырып қыс бейнесін құрастыру.	бетінше құрастыруға мүмкіндік беру **(Математика негіздері, құрастыру - танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларды дамыту).**	жалғастыру **(Сөйлеуді дамыту, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру – коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын дамыту).**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Әңгімелесу:** «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» тақырыбында, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру. Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. Жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіруге кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын: «Суретші қыс» Мақсаты:** Ауа – райының жағдайын анықтау, қыс мезгіліндегі ауа – райының жай – күйін белгілеу. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізіп, ойнауға баулу **(Қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру** – әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, физикалық қасиеттерді дамыту). Шарты:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін атай отырып қыс бейнесін құрастыру. Белгі бойынша қимыл қозғалыс жасауға	**Үстел-үсті ойыны: «Ақылды қонжықтар». Мақсаты:** «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу **(Математика негіздері, қазақ тілі*** - танымдық және зияткерлік, коммуникативтік дағдыларын дамыту). Шарты:** Балалар үлкен, кішкентай қонжықтарды анықтайды. Үлкен қонжықтарды бір жаққа, кішкентай қонжықтарды бір жаққа қою ұсынылады.	**Суретпен жұмыс: «Уақыт». Мақсаты:** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін: күндіз-түнде бағдарлауды үйретуді жалғастыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету **(Математика негіздері, музыка****-танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларды дамыту).**	**Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары». Мақсаты:** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту **(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту – әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, коммуникативтік дағдыларды дамыту). Шарты:** үй жануарларын тануға және атауды үйрету.	**Әңгімелеу: «Менің көшем». Мақсаты:** Бірдей заттарды салыстыру, кең – тар, бірдей шамасы бойынша үлкен – кіші сөздерімен белгілеу. Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу **(Математика негіздері, қазақ тілі*** - танымдық және зияткерлік, коммуникативтік дағдыларын дамыту).**

	дағдыландыру.			Төлдерімен сәйкестендіру.	
Таңертенгі жаттығу	Таңертеңгілік гимнастика кешені №7 1-2 апта (физикалық қасиеттерді дамыту). 1. «Поезда келеміз» -- шағын топшаларға бөлініп тұру және бірінің артынан бірі жүру. 2. «Жүгіреміз» деген белгі берілген кезде залда бытырап жүгіру. 3. Жүру және тәрбиешінің көмегімен шеңберге тұру. 4. Б. қ. қолды жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру. Қолды иық деңгейіне дейін көтеріп, түсіріп «шықылықтау» 4 - 6 рет қайталау. 5. Б. қ. қолды жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру. «Қанатымызды қағамыз» -- оңға бұрылып қолды артқа апарып б. қ келу. Сол жаққа дәл солай қайталау. 6. Б. қ. аяқты иық деңгейіне қойып, тіке тұру. Алға қарай еңкейіп « Ішеміз» - деп б. қ келу. 4 – 6 рет қайталау. 7. Б. қ. Қолды дене бойымен жіберіп, шалқадан жату. Аяқты бүгіп, жоғары көтеріп, шалқасынан жатқан қоңыз сияқты тырбаңдатып «Ж – ж - ж - ж - ж» - деп б қ келу. 2 – 3 рет қайталау. 8. Тәрбиешінің артынан сап түзеп бірінің артынан бірі жүру.				
Таңғы ас	**Тамақтану** **Мақсаты:** Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Әңгімелесу: «Қыста не болады?»** **Мақсаты:** Таныс кітаптардағы қыс мезігілінің суреттерін балалармен бірге қарау, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, бір бірінің пікірлерін тыңдауды жетілдіру. Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. **(Көркем әдебиет - Қазақ тілі*** коммуникативтік, дағдыны дамыту).**	**Театр әлемі: «Ертегілер елінде»** **Мақсаты:** Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға баулу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйретуді жалғастыру	**Тақпақ айту: «Қаладағы қыс».** **Мақсаты:** Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Қыстың аппақ қаламы, Ағартыпты қаланы. Аялап жүр аяз кеп, Ауладағы баланы. Соғып үлкен ақ қала, Соған мәз боп, шаттана, Асыр сап жүр	**Кітап бұрышына саяхат.** **Мақсаты:** Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру **(Қазақ тілі***, көркем әдебиет - коммуникативтік дағдыларын дамыту).**	**Ән айту: «Балапан» әні.** **Мақсаты:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту) **(Музыка**** - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс -

		(Көркем әдебиет, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу - коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту).	аланда Қар атысып топ бала. **(Қазақ тілі***, **дене шынықтыру - коммуникативтік дағдыны, физикалық қасиеттерді дамыту).**		**әрекетін дамыту).**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Шеңбермен жүру.** **Мақсаты:** Ұзындыққа бір орында тұрып, аяқпен неғұрлым күшті серпіле секіруге үйрету. Шектелген алаңмен тепе- теңдік сақтай жүруді бекіту. Саптізбекке бойына қарай тұру. Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Аяқ бұлшықеттерін дамыту, музыка ырғағына сәйкес табиғи, еркін қимыл жасауға талпындыру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1) Ирелең жолмен жүру 2) Ұзындыққа бір орында тұрып секіру. **Ойын:** «Бәйге» ойыны.	**Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Менің тобым».** **Мақсаты:** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету **(коммуникативтік дағдыларын дамыту).** **Музыка** **Тақырыбы:«Аспаптың даусын ажырат» ойыны** **Мақсаты:** Балаларды музыкалық аспаптардың тембрын ажыратуға баулу, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру. **1. Балаларды музыкамен қарсы алу.** **Ойын:** карточкада пианино, скрипка, гитара, сырнай, домбыра, жетіген, қобыз, шертер аспаптарының суреттері бейнеленген. Үнтаспада аспаптардың орындауында пьесадан үзінді орындалып,	**Дене шынықтыру** **Жүру.** **Мақсаты:** Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді үйрету. Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді бекіту. Музыка ырғағына сәйкес жануарлардың жүрісін бейнелей жүруге талпындыру. Иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. Дене түзілісін қадағалау **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс**	**Дене шынықтыру** **Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** **Мақсаты:** Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Шектелген алаңмен тепе- теңдік сақтай жүруді бекіту. Саптізбекке бойына қарай тұру. Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Аяқ бұлшықеттерін дамыту, музыка ырғағына сәйкес табиғи, еркін қимыл жасауға талпындыру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**	

		балалар аспаптың үніне сәйкес суретін көрсетеді. **2. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. **«Шөжелер»** биін таныс би қимылдарымен билету.	**жаттығулары:** 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. 1)Ұзындыққа бір оында тұрып секіру. **Ойын:** «Секір-шапалақ» ойынын ойнау.	1) Ұзындыққа бір орында тұрып секіру 2) Допты қақпа арқылы домалату. **Ойын:** «Аю мен қояндар» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Қонжық көпірмен келеді» тыныс алу жаттығуы.	
2- таңғы ас	**Мақсаты:** Тамақтану кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
Серуенге дайындық	**Мақсаты:** Балаларды ұқыптылыққа, сыртқы келбетіне назар аударып, бақылауға үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
Серуен	**1. Бақылау:** Көліктерді **бақылау.** **Мақсаты:** Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту **(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, коммуникативтік дағдыларды дамыту).** 2. **Еңбек:** таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне	**1. Бақылау:** Жаяу жүргіншілер жолын **бақылау.** **Мақсаты:** Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру **(Қоршаған ортамен таныстыру– әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру).** **2. Еңбек:** аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру **(еңбекке баулу).** **3. Қимылды ойын:** «Доптар». **Мақсаты:** допты бір – біріне басынан жоғары (артқа және алға беру)	**1. Бақылау:** Жерді **бақылау.** **Мақсаты:** балаларға жер туралы түсінік беру. Табиғат құбылысының әсерімен жердің өзгеретінін, салқын түсе бастағанда жер қатып, топырақтың бетін шықтар басатынын түсіндіру **(Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру).** **2. Еңбек:** алаңқайды жинастыру **(еңбекке баулу).** **3. Қимылды ойын:** «Ұшты –ұшты». **Мақсаты:** баланың қызығушылық	**1. Бақылау:** Ауаны **бақылау.** **Мақсаты:** балалардың ауа және ауаның қасиеті мен маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау туралы түсінік беру **(Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру).** **2. Еңбек:** Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру **(еңбекке баулу).** **3. Қимылды ойын:** «Сымсыз телефон».	**1. Бақылау:** Қардың түсуін **бақылау.** **Мақсаты:** балаларға алғашқы қар туралы түсінік беру. Табиғат құбылыстары жайында түсініктерін тереңдету. Қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру **(Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру).** **2. Еңбек:** Ауланы тазалау **(еңбекке баулу).** **3. Қимылды ойын:** «Жасырынбақ». **Мақсаты:** балалардың санау дағдыларын қайталау. Ойын ережесін сақтай білуге тәрбиелеу,

	қамқорлық таныту **(еңбекке баулу).** 3. **Қимылды ойындар:** «Жұбыңды қуып жет». **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету **(дене шынықтыру** - **физикалық қасиеттерді дамтыу)**. 4. **Жеке жұмыс**: Айланаға түстерді үйрету.	**дене шынықтыру** - **физикалық қасиеттерді дамыту).** **4. Жеке жұмыс:** Ихсан мен Әмираға түстерді ажыратып, атауды үйрету.	қабілетін арттыру. Ойын кезінде достыққа, татулыққа тәрбиелеу **(физикалық қасиеттерді дамтыу)**. **4. Жеке жұмыс:** Айя мен Несібеліден қыс мезгілінің ерекшеліктерін сұрау.	**Мақсаты:** есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту **(физикалық қасиеттерді дамтыу)**. **4. Жеке жұмыс:** Сезімнен өзінің достары жайлы әңгімелесу.	шапшаңдылыққа баулу **(физикалық қасиеттерді дамтыу)**. **4. Жеке жұмыс:** Агниядан отбасы туралы әңгімелесу.
	5. Еркін ойындар: Мақсаты: Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылды мәнерлі орындауға баулу **(физикалық қасиеттерді дамыту).**				
Серуеннен оралу	**Мақсаты:** балаларға заттарын тазалауға, үлкен адамның көмегімен тазалауға, кептіру, ілу дағдыларын қалыптастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету).**				
Түскі ас	**Мақсаты:** Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу **(мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру).**				
	Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар, Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы, Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.	Жасамас үшін ағаттық Тыңда ақылды, қабылдап. Адында ішер тамақтың, Қолынды жу сабындап	Су – өмір жүрегі, Денсаулықтың тірегі. Шөлдесең – қанасың, Жуынсаң – тазасың.	Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы. Тістеп нанның қадірін, Тарыққанда білерсің.	Көшеде жатса егер бір түйір нан, Қалтқысыз көзім шалып бір қиырдан, Қастерлеп, қасиеттеп көтеремін, Парықсыз пенделерге шын күйіп жан.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **(сабырлы музыка тыңдау, ертегі, әңгіме айтып беру – коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту).**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Ояну гимнастикасы:** «Біз ояндық» (саусақ гимнастикасының элементтерімен). **Нүктелі массаж.** Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. - Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалау. - Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу. - Қолымызды маңдайымызға қойып уқалау.				

	- Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау. Жалпақ табандықтың алдын алу мақсатында массаж кілемшесімен жүру **(физикалық қасиеттерді дамыту).**				
Бесін ас	Мақсаты: **Тамақтану:** Үстел басында дұрыс отыруға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті ойыны: «Қар ханшайымы»** **Мақсаты:** Кітаптан «Қар ханшайымы» ертегісін оқып беру. Суреттерін көрсету. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу (Суық жылы, қыс жаз). Ермексаз кесектерін алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы қар ханшаймының таяғын мүсіндеу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының ішіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Ханшайымды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсыру. **(Сөйлеуді дамыту,**	**Құрылыс ойыны: «Таныс пішіндер доминосы».** **Мақсаты:** Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. **(Құрастыру-шығармашылық дағдыларын дамыту).**	**Әңгімелесу: «Бұл қай ертегі?»** **Мақсаты:** Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру **(көркем әдебиет - коммуникативтік дағдыларын дамыту).**	**Шығармашылық орталық: «Жалғасын тап».** **Мақсаты:** Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйретуді жалғастыру **(Сурет салу,**	**Қуыршақ театры: «Шалқан» ертегісі.** **Мақсаты:** Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға дағдыландыру **(Көркем әдебиет, дене шынықтыру** - коммуникативтік дағдыларды, физикалық қасиеттерді дамыту).**

	мүсіндеу, сурет салу, жапсыру - коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын дамыту). Шарты: оқылған ертегі бойынша ертегі желісін құрастыру және түсінгендерін сұрау. Өздері таңдаған шығармашылық орталықта түрлі кейіпкерлердің суретін салу, мүсіндеу.			**мүсіндеу, жапсыру – шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс - әрекеттерін дамыту).**	
Балалармен жеке жұмыс	Ихсаға ертегінің мазмұнын түсіндіру және эмоционалды қабылдауды қалыптастыру **(коммуникативтік дағдыларды дамыту).**	Несібеліге ағаш, шөп, гүл сөздерін дұрыс қолдана білуге баулу **(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).**	Сезімге шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл – күй танытуға баулу **(физикалық қасиеттерін дамыту).**	Айланаға дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауға дағдыландыру **(коммуникативтік дағдыларды дамыту).**	Амирге жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгеруге көмектесу **(физикалық қасиеттерін дамыту).**
Серуенге дайындық	**Мақсаты:** киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету (**Өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру).**				
Серуен	**Бақылау:** Жеңіл көліктер түрлерін бақылау. **Мақсаты:** көлік түрлерін ажырату **(Қоршаған ортамен таныстыру – әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру). Қимылды ойын:** «Бағдаршам». **Мақсаты:** балаларды жолда жүру ережелеріне	**Бақылау:** Жаяу жүргіншілер жолын бақылауды жалғастыру. **Мақсаты:** жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелерді сұрау **(Қоршаған ортамен таныстыру –әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру). Қимылды ойын:**	**Бақылау:** Жерді бақылауды жалғастыру. Мақсаты: табиғат құбылысының әсерімен жердің өзгеретінін түсіндіру **(Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру). Қимылдық ойын:** «Кім артық?» **Мақсаты:** балаларды	**Бақылау:** Кешкі ауа - райын бақылау. Мақсаты: ауа және ауаның қасиеті мен маңыздылығы туралы білімдерін бекіту **(Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру). Ойын - жаттығу:** Күншуақ.	**Бақылау:** Қарды бақылауды жалғастыру. **Мақсаты:** жерге түскен алғашқы қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру **(Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру).**

	сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру **(дене шынықтыру**-физикалық дағдыларды дамыту).**	«Көліктер». **Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу **(дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерін дамыту).**	ұйымшылдыққа тәрбиелей отырып, достық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. Барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту **(физикалық қасиеттерін дамыту).**	**Мақсаты:** Балаларға жақсы көңіл - күй сыйлау. Сауықтыру жаттығуларын қызыға жасау **(физикалық қасиеттерін дамыту).**	**Қимылдық ойын:** «Кім алысқа секіреді?» **Мақсаты:** белгіленген жерге дейін екі аяқпен секіру **(физикалық қасиеттерін дамыту).**
Серуеннен оралу	**Мақсаты:** Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, киіміндегі олқылықты байқау және оны ересектердің көмегімен ретке келтіру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Ырғақты-музыкалық қимылды ойын: «Қандай аспаптың үні?» Мақсаты:** Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету **(Музыка****-шығармашылық дағдыларды дамыту).**	**Қимылды ойын: «Көліктер». Мақсаты:** Жаяу жүргіншілер және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын – қатты), қарқынды (жылдам – баяу) байқау. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізіп, ойнауға баулу **(Қоршаған ортамен, музыка****, дене шынықтыру** - әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық дағдыларды, физикалық қасиеттерді дамыту). Шарты:** балалар қалаған көлік түрлерін таңдап,	**Дидактикалық ойын: «Дәмді сорпа». Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды жалғастыру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар). Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйретуді жалғастыру **(Сөйлеуді дамыту, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру - шығармашылық**	**Музыкалық – ырғақтық қозғалыстар: «Көңілді қонжықтар». Мақсаты:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Құрдастарымен қимылды ойынды бірге ойнауға, өзара оң қарым – қатынас жасауға баулу **(Музыка****, дене	**Үстел үсті ойыны: «Менің бөлмем». Мақсаты:** «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс – әрекеттерін оң бағалау және өзін – өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату **(Қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру –әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық дағдыларды дамыту).**

		әуенді тыңдап қалаған бағытта жүреді. Әуен тоқтаған кезде әр көлік жүретін жолына келіп тоқтайды.	**дағдыларды дамыту). Шарты:** жемістер мен көкөністерді ажырату арқылы, дәмді сорпа жасау.	**шынықтыру** - шығармашылық дағдыларды, физикалық қасиеттерді дамыту).**	**Шарты:** сурет арқылы балалардан өздерінің ойларын сұрау. Жақсы және жаман қылықтарды ажыратуға баулу.
Балалардың үйге қайтуы	**Мақсаты:** Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру **(коммуникативтік дағдыларды дамыту).**				
	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру.

Тәрбиеші: Адилова.А

Тексерілді:
Әдіскер: Нысанбаева С.М

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

Топ: Ортаңғы «Балапан» тобы

Балалардың жасы: 3жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2апта

Күнтәртібі	Дүйсенбі 11.12.2023	Сейсенбі 12.12.2023	Сәрсенбі 13.12.2023	Бейсенбі 14.12.2023	Жұма 15.12.2023
